

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой 7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference «PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейітказы Перизат Байтешқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Кулдашева Надежда Утегалиевна

Л.Н.Гумилев Еуразия ұлттық университетінің педагогика және
психология ББ-ның 1 курс докторанты

Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі, оқыту және дамыту жайлы теория мен тәжірибеде қарым-қатынас мәселесінде қиылысады. Ал балалардың психикалық қасиеттерін, танымдық үдерістерін және психикалық қалып-кейіптерін тұтас қамтитын балалар, психикасының дамуындағы басты көрсеткіш, әрі фактор болатын, әмбебап ерекшелік балалардың қарым-қатынас саласы болып саналады.

XX ғасырдың ортасында дүниенің әр түкпірінде қарым-қатынас мәселесіне арналған зерттеулер шамамен бір уақытта пайда болып, тарала бастайды, соның ішінде балалардың қарым-қатынас аймағына қатысты еңбектер ерекше орын алады. Ғылымда мектеп жасына дейінгі балалар психикасының дамуындағы қарым-қатынас аса маңызды фактор ретінде тағайындалған. Қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады.

Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын қарастыруға болады. Коммуникативті жағы, мұнда қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрады; интерактивті жағы – адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастырудан тұрады; перцептивті жағы-қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы.

Л.С. Выготский [1], Б.Н. Ананьев [2] еңбектерінде қарым-қатынасты өмір әрекетінің бір формасы, адам дамуының әлеуметтік жағдайы, жеке адамның қалыптасуының түрткісі ретінде қарастырылады.

С. Немовтың пайымдауы бойынша, қарым-қатынас барлық тірі жанға тән, бірақ адамда күрделі формада және саналы түрде болады [3, 71]

А.Н. Леонтьев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады. А.Н. Леонтьевтің қарым-қатынасты іс-әрекеттің өзгеше түрі деп талдау тұжырымдамасы, Б.Г. Ананьевтің, А.А. Бодалевтің коммуникативтік әрекет жайлы ілімдері біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негізі болады.

Ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, қарым-қатынас механизмдерін қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын, өзара түсінікті сипаттайтын күрделі психологиялық құрылым деп түсінеміз. Осы орайда А.А. Бодалев қарым-қатынастың механизмдерін көрсетіп, оларға эмпатия, идентификация,

децентрация, рефлексияны жатқызады [4, 54]. Сонымен қарым-қатынас деп-екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз.

И.А. Бойкова мектеп жасына дейінгі балалардың ересек адамдармен қарым-қатынас құруы жеткіліксіз болса, олардың қатарластарымен байланыс жасау мүмкіндіктері де шектеу болатындығын көрсетеді.

Е.И. Годовикова балалардың ересек адамдармен құрған қарым-қатынасы қатарластармен арадағы қарым-қатынасқа проекцияланатындығын айтқан [5,72].

Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының басты факторы қарым-қатынас болады. Балалар бұл кезеңде қарым-қатынасты ересек адамдармен және өз қатарластарымен құра алады.

«Қарым-қатынас» ұғымы психология, педагогика және олармен салалас ғылымдарда қарастырылады. Педагогикалық-психологиялық ғылымдарда қарым-қатынастың құрамдас компоненттері нақтыланған. Оларды анықтау арқылы ғана балалардың қарым-қатынас сферасына қатысты қажеттіліктер, мотивтер, тәсілдер, формалар, әрекет-актілер, жеке-дара стильдер, яғни жалпы нәтиже белгілі болады. Сондықтан 5-6 жастағы балалардың қарым-қатынасты қажет етуін коммуникативтік мотивтерінің болуын, қарым-қатынас тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) жетілдіруді, қарым-қатынастан жалпы нәтиже алуды қамтамасыз ету қажет болады. Ол үшін ересектердің жетекшілігімен, балалардың бір-біріне әсері болатындай ерекше топтық жағдай ұйымдастыруды тиімді педагогикалық, психологиялық әсер деп санаймыз. Бала өсе келе мектепте оқуға мотивациялық, интеллектуалдық және коммуникативтік тұрғыдан даяр болады. Олай болса, балалардың мектепке дейінгі кезеңінде қарым-қатынасты жетілдіруге баса назар аударылуы қажет.

Тұлғааралық қарым-қатынасты жан-жақты зерттеген А.А. Бодалев оның жас кезеңдеріне байланысты өзгерту динамикасын көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі кезеңде жақындық дәрежесі жөнінен әртүрлі қарым-қатынастар қалыптасады, оларды жолдастар, жақын жолдастар, жеке дос деп нақпа-нақ саралайды [6, 84]. Қарым-қатынас жасайтын адамдары оқу әрекетімен шектелместен, барған сайын мектептен тыс шыға береді, жаңа мүдделерді, кәсіптерді, қарым-қатынастарды қамтып, өмірдің дербес және өте маңызды саласы болып бөлінеді. Бұл қарым-қатынастарда әртүрлі оқиғалармен, күрес пен қақтығысулар, жеңістер мен жеңілістер, жаңалықтар мен өкініштер, күйініштер мен қуаныштар кездесіп осының бәрі жинақталғанда баланың нағыз өмірін құрайды. Ол осы ортада іс-әрекет жасап, ойланып толғанады, көп уақыты мен рухани күш жігерін жұмсайды. Жолдастарымен қарым-қатынас үшін ерекше құндылыққа ие болады.

Тұлғаның дамуы мен қалыптасуында негізгі факторлардың бірі – ол қарым-қатынас. Тарихи қоғамдағы объективтік талаптар және қоғамның дамуындағы әлеуметтік заңдылықтар тұлғаның қарым-қатынас үдерісіндегі

ролін анықтайды. Қарым-қатынас барысында тұлғаның әлеуметтенуінде байқалатын өзіндік ерекшеліктер мәселесіне көңіл бөле отырып, қазіргі кезеңде бұл салада жүйелі зерттеулерді қажет етеді.

Тұлғаның әлеуметтенуінің әлеуметтік психологиялық факторлары біріншіден, әлеуметтенудің-мәдени, тарихи, ұлттық ерекшеліктерін қарастыратын әлеуметтік топ болса, екіншіден, белгілі бір деңгейде өмір жолының кезеңдерінде көрінетін жеке тұлғалық топ.

Осы орайда В.Г. Крыско тұлғаның әлеуметтенуінің үш түрлі факторын ұсынды. Олар; микрофакторлар - отбасы, микроәлеумет, тәрбие институттары, діни ұйымдар; мезофакторлар – этнос, аймақтық шарттар, мекені, қарым-қатынас құралдары; макрофакторлар – мемлекет, қоғам, ел және мәдениет.

Қарым-қатынас сан алуан адамдардың қатынастары жағдайында жүзеге асады, яғни әлеуметтік және тұлғааралық қатынастардың жағымды да кері де жағдайларында болуы мүмкін. Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты біздің іс-әрекетімізбен қатар мінез-құлқымыз да өзгермелі. Соған сәйкес қарым-қатынас стильдері де өзгермелі болады. Қарым- қатынас стилі адамның басқа адаммен өзара әсерлесуі барысындағы мінез-құлқын көрсетеді. Сонымен адамның қарым-қатынас стилі, оның нақты бір қарым-қатынасқа орнығуы, бағытталуы оған дайындығы мен адамның сол жағдайдағы өзін көрсетуі.

Қарым-қатынас нормалары мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде бала ата-анасымен және отбасының басқа мүшелерімен қарым-қатынасын ең маңыздысы ретінде сақтай отырып, құрдастарымен қарым-қатынас саласын белсенді түрде зерттей бастайды және мектепке дейінгі мекемеге кіргеннен кейін ол қарым-қатынасқа қосылады. Дамудың осы кезеңінде адамдармен қарым-қатынастың тереңірек формалары оған қол жетімді болады және қызмет саласы түбегейлі ерекшеленеді. Мектепке дейінгі жаста бала рөлдік ойын (осы жастағы жетекші іс-әрекет), сурет салу, құрастыру, ертегіні қабылдау және көптеген басқа әрекеттер сияқты күрделі әрекеттерді игереді. Мінез-құлықты ерікті реттеу мүмкіндіктері бірте-бірте өзінің жеке көзқарасын ғана емес, сонымен қатар басқа адамдардың пікірлерін де ескеру қабілетіне жол береді.

Балалардың бағынбауы мен қыңырлығы (әсіресе дағдарыс кезеңдерінде), тәртіпсіз мінез-құлық, баяулық, ұялшақтық, мазасыздық, жалқаулық, «ұятсыздық», «алаяқтық» (бұл көбінесе «жалған өтірік» деп аталады, яғни балалардың қиялы), әлсіз ерік (еріксіз мінез-құлық) психологиялық табиғаты бойынша өте ерекшеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқының ерекшеліктері. Олар көбінесе ата-аналардың, тәрбиешілердің наразылығының себебі болып, қарым-қатынаста эмоционалдық шиеленіс пен өзара тітіркенуді тудырады.

Психологтар кездесетін мектеп жасына дейінгі балаға ата-аналар мен тәрбиешілердің негізгі мәселелері:

- жас нормалары мен баланың дамуы үшін қажетті жағдайларды білмеу немесе әдейі елемей;
- ересектердің өздерінің әртүрлі жеке мәселелері;

- ата-аналармен бірлескен іс-әрекет пен байланыстың болмауы;
- мінез-құлықты, тіпті психикалық процестерді ерікті басқару мен бақылауға қойылатын талаптардың жас мүмкіндіктері бойынша негізсіз жоғары болуы;
- ата-аналар арасындағы қолайсыз қарым-қатынастар (олардың темпераментіндегі немесе мінез-құлқындағы айқын айырмашылықтармен сипатталады);
- үлкендердің дұрыс емес тәрбиелік көзқарастары мен идеялары.

Көбінесе ересектерді баланың ойынға және қиялға деген шамадан тыс ынта-жігері, дербестігі мен бастамасының көрінісі (осы жасқа тән), балалар немесе құрдастарымен қарым-қатынас жасаудағы тұрақты қиындықтар алаңдатады.

Бұл ересектердің мектеп жасына дейінгі бала дамуының жас ерекшеліктерін білмейтінін, оның жан-жақты дамуындағы қарым-қатынас пен ойын әрекетінің жеке түрлерінің маңыздылығын жете бағаламайтынын дәлелдейді.

Мектепке дейінгі жастан бастап баланың құрдастарымен жүйелі қарым-қатынасы оның жеке тұлғасының толық қалыптасуының нормативті, таптырмас шартына айналады. Дәл осы кезеңде бала басқа балалармен тең құқылы серіктес ретінде шынайы қарым-қатынас «мектебінен» өтеді. Ал бұл тиісті қарым-қатынас дағдыларын меңгеру, ойында немесе басқа әрекеттерде серіктестердің позициясын ескере отырып, өз әрекеттерін үйлестіру қабілетіне ие болу, басқа балалардың қасиеттерімен салыстыру негізінде олардың қасиеттерін білу, құрдастарымен қарым-қатынас жасау.

Ал бұл тиісті қарым-қатынас дағдыларын меңгеру, ойында немесе басқа әрекеттерде серіктестердің позициясын ескере отырып, өз әрекеттерін үйлестіру қабілетіне ие болу, басқа балалардың қасиеттерімен салыстыру негізінде олардың қасиеттерін білу, құрдастарымен қарым-қатынас жасау. Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің бірлескен түрлері баланың өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың күрделі процесіне және оның жалпы психикалық дамуының көптеген басқа процестеріне ерекше, өте маңызды үлес қосады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен қарым-қатынасы оны ересектермен қарым-қатынастан сапалы түрде ажырататын бірқатар маңызды белгілерге ие. Бірінші және маңызды ерекшелік - коммуникативті әрекеттердің алуан түрлілігі және олардың өте кең ауқымы. Балалардың қарым-қатынасында дау-дамай, өз еркіне таңу, талап ету, бұйрық беру, алдау, аяушылық пен сендіруге ұмтылу сияқты әрекеттер мен өтініштерді байқауға болады. Дәл басқа балалармен қарым-қатынаста сыпайылық, кейіп көрсетуге құштарлық, реніш білдіру, мысқылдау, қиялдау сияқты күрделі мінез-құлық түрлері бірінші пайда болады.

Айта кету керек, отбасындағы және балалар ұжымындағы балалар арасындағы қарым-қатынас саласы олар үшін шиеленістің, созылмалы қақтығыстардың, психологиялық мәселелер мен қиындықтардың негізгі көзі болып табылады, сондықтан мектеп жасына дейінгі баланың психикалық

денсаулығын сақтау өте маңызды, оның табысты дамуы, оның эмоционалдык әл-ауқатын қамтамасыз ететін қажетті қолайлы әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды жасау.

Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде қарым-қатынасты қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық шарттары мыналар:

- Қарым-қатынастың негізгі бағыт-бағдарын, атқаратын қызметін білу;
- Қарым-қатынас жасау ақпарат алмасуы әрекеті және өзара әрекет ету және адамдардың бірін-бірі қабылдау құралы екенін түсінуі;
- Адамдар арасындағы қарым-қатынастардың түрлерін білу;
- Тұлға үшін топтың маңыздылығын ұғыну;
- Тұлғаралық қарым-қатынаста ортақтасу серіктерінің тиімді тыңдау техникасын меңгеру.

Баланың алдыңғы ұрпақ жинақтаған әмбебап адам тәжірибесін игеруі тек бірлескен іс-әрекетте және басқа адамдармен қарым-қатынаста болады. Бала осылайша сөйлеуді, жаңа білім мен дағдыларды игереді; өзіндік сенімдері, рухани құндылықтары мен қажеттіліктері туындайды, оның мінезі қалыптасады.

Баламен қарым-қатынас жасайтын және оның әлеуметтік дамуына әсер ететін барлық ересектерді үш фактордың әртүрлі комбинацияларымен сипатталатын жақындықтың төрт деңгейіне бөлуге болады:

- баламен байланысу жиілігі;
- байланыстардың эмоционалдык байлығы;
- ақпараттық мазмұн.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы жағдайындағы әлеуметтік-психологиялық іс-әрекет-бұл баланың, педагогтың және ата-ананың жеке даралығын дамытуға, өзін-өзі ұйымдастыруға, психологиялық жағдайына көмектесуге бағытталған педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттерді қамтитын жұмыс; туындайтын проблемаларды шешуге және қарым-қатынаста оларды жеңуге көмектесу; сондай-ақ қоғамда кішігірім тұлға болуға көмектесу. Балалық шағында балалар бір-бірін түсінуге және құрметтеуге үйренеді, бірақ олар мұндай тәжірибені қарым-қатынастың алғашқы қадамынан бастаса жақсы. Мұндай жағдайда ересектер жасай алатын ең жақсы нәрсе-балаларға әлеуметтік қолайлы мінез-құлық пен қарым-қатынас нормаларын үйрету.

Мектепке дейінгі жас балада қарым-қатынас нормаларының қалыптасатын кезеңі сондықтан да тәрбиешілер, ата-ана және ересектер оларда кездесетін әлеуметтік-психологиялық мәселелерді ескеріп уақытында шешудің тиімді жағын қарастырып отыру қажет.

Әдебиеттер:

- 1.Немов Р.С. Психология В. 3-хтомах. М.:1996
- 2.Эльконин Д.Б. Психология игры М.: 1990
- 3.Шеръязданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов дошкольного образования. Дис.....д-ра психол. н. – М., 1999. – 307 с.
- 4.Бодалев А.А. Личность и общение Избарнные труды М.:1983

5. Алябьева Е.А. Нравственно-этические беседы и игры с дошкольниками. М., 2003

6. Блинова Л.Ф. Социально-личностное развитие детей старшего дошкольного возраста. Казань., 2007

7. Данилина Т.А., Степина Н.М. Социальное партнерство педагогов, детей и родителей. М., 2004.

ӘОЖ 378.1

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕДИАБІЛІМНІҢ РӨЛІ

Сейітказы Перизат Байтешқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Ырымбаева Н.А.

Л.Н.Гумилев Еуразия ұлттық университетінің педагогика және
психология ББ-ның 1 курс докторанты

Бүгінгі әлемдік жаһандану қоғам дамуының барлық тұстарына өзіндік әсерін тигізе отырып, ел экономикасының негізі – адами капитал екенін айқындады.

Заман ағымына сай мәдениетті, рухани-адамгершілігі мол, сыни ойлайтын, өздігінен ізденіп, шығармашыл шешім қабылдай алатын, кез келген ортада бейімделгіш, білім, білік, дағдысы мен кәсіби құзыретті тұлға қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы. Осы орайда еліміздегі білім беру жүйесіндегі модернизацияға, оқытудың жаңа түрлері мен трендтеріне, педагогикалық мамандықтар мен педагог мәртебесіне, білім берудегі интернационалдандыруға, трансұлтандыруға, компьютерлендіруге, ақпараттандыруға, цифрландыруға, гуманизациялаумен гуманитаризациялауға, үздіксіз білім беру, инклюзивті және дуалді оқытуға үлкен мән берілуде.

Қазіргі бәсекеге қабілетті тұлға заманауи инновацияларды игеруімен, қарқынды даму үстіндегі әлемдік сұраныстар мен талаптарға жылдам бейімделуімен анықталады.

2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында [1] цифрландыру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы деп айтылған болатын. Жолдауда халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру және барлық аймақтарда интернет желісімен қамтамасыз етілудің маңыздылығы қаралды. Сонымен қатар жолдауда үдерістерді цифрландыру, адамдардың орнына «ақпарат жүгіру» керек екендігі, IT-саласын жетілдіру, ақпараттық технологиялар нарығын дамыту туралы айтылған болатын.

Халықтың цифрлық сауаттылығы мен интернеттің қолжетімділігі масс-медия арқылы дамыған шет елдердің тәжірибелерімен танысуға және меңгеруге, олардың ең озық жетістіктерін өзімізде қолданысқа енгізуге мүмкіндік тудырады. Меңгерілетін ақпараттың еліміздің көркейуіне және білім